

Мәртөк аудандық білім бөлімі
«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасы



«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасының
өзін-өзі аттестаттау қорытындысы

**«Мәртөк аудандық білім бөлімі» ММ
«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

01 наурыз 2023

жыл

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде **«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасында** өзін-өзі аттестаттау өткізілді. Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:



1) Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (білім беру ұйымдарының толық атауы, құрылған жылы, заңды мекен-жайы, электрондық адресі, телефоны, факсі)

Білім беру ұйымының толық атауы: "Мансур 2016" ЖШС "Кәусар" балабақшасы

Білім беру ұйымының басшысы: Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған басқарушы **Ильясова Алия Тунгышбаевна**

Заңды мекен-жайы: Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы, Сарыжар ауылы Кең Дала тұйық көшесі 9А телефон: 8 (71331) 33504, эл пошта: kausarsad_16@mail.ru

2) Құрылтайшылар келісімі, білім беру ұйымының жарғысы. Жалғыз құрылтайшы шешімімен 2020 жылғы 03 қыркүйек «Мансур 2016» ЖШС үлгілік Жарғысы негізінде жұмыс жасайды.

3) Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясы (лицензияның нөмірі, берілген күні) және оның қосымшалары.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің хабарламасы 10.05.2018 жылғы KZ56RVK00016648 бар.

4) Білім беру үрдісі үшін жайды пайдалануға берілген мемлекеттік өртке қарсы және санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің қорытындылары мен анықтамалары;

Санитарлық эпидемиологиялық сараптама қызметі мен өрт қауіпсіздігі қызметінің қорытындылары мен анықтамалары бар. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Ақтөбе облысының тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің 2020ж. 03 наурызында № D.07.KZ 69VWF00025106 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес "Мансур 2016" ЖШС "Кәусар" балабақшасы оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

-ҚР «Білім туралы» Заңына;

-Жарғысына;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

-Оқу жұмыс жоспарына;

-Ішкі тәртіп ережелеріне;

-ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10 сағат. Балабақша

сыйымдылығы 35 орын. 2 топ. Қазіргі таңда 35 бала тәрбиеленуде. 2-5

жасаралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл

тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті

kausar.martuk.edu.kz сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі. Балабақша балаларды

қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету

қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде

құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт

талаптарға сәйкес жүргізіледі.

"Мансур 2016" ЖШС "Кәусар" балабақшасында жылдық жоспар оқу жылының

басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің

хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін

талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған.

Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман

бекітілген. Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы,

жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай. Құжаттар іс-қағаздар

номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары Мәртөк

аудандық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық

жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған

жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген.

Әр топтың ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық перспективалық жоспары

білім беру салаларын («денсаулық», «таным», «шығармашылық», «әлеумет»,

«қатынас») ескере отырып құрылған.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2021 - 2022 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегіндегі №412 бұйрығын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Мектепке дейінгі балалық шақ-2021» Республикалық орталығының әдістемелік нұсқаулық хаты, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты негізге алып құрастырылды.

Оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды.

Материалдық – техникалық және әлеуметтік базасы

"Мансур 2016" ЖШС "Кәусар" балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық – техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу – тәрбие жұмысына қажетті теледидар, музыкалық центрмен топ жабдықталған. Балабақшада 1 ноутбук, принтер, топтар стол, отырғыш, керуерт, шкафтармен толық жабдықталған. Топ ойыншықтармен, жиһаздармен жабдықталған. Топта ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоназытқыштар, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған. СанПин талаптарына сай.

Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

-ойын іс- әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;

-жапсыру, сурет, құрастыру іс – әрекеттеріне қажетті құралдар;

-Топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде.

МДҮ- да және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 400 теңге.

Балабақшада медициналық бөлме жұмыс жасайды. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Балалардың денсаулығын сақтау, аурушандықтың алдын алу, сауықтыру жұмыстары жүргізу, балалардың медициналық бақылау жұмыстарын балабақша медбикесі жүргізеді. Сонымен қатар балалардың өмірін қорғап, жан-жақты толыққанды дамыту және денсаулығын нығайту, тіршілік әрекетінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырып, салауатты өмір салтына баулу.. Балалардың денсаулығын сақтау және жақсарту, олардың арасында сырқаттанушылықты төмендету бойынша іс-шаралар жыл сайын жоспарланып орындалады. Медициналық кабинет санитарлық ережелерге сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген:

Балалардың күнделікті құнарлы да, сапалы тағамдармен тамақтандыруды ұйымдастыру балабақшаның ем-дәмбикесінің бақылауымен жүргізіледі.

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видеобақылау, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 1 компьютер, 1 принтер, 1 сканер, 1 ксерокөшірме бар. Топтарда үстел, отырғыш, керуерт, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген

Кадрлар әлеуметіне талдау

Қазіргі уақытта балабақшада барлығы 5 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

2020-2021 оқу жылында барлығы 5 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, барлық топтың тәрбиешілері мен маман жетекшілерінің жалпы санынан **"Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту"** мамандығы бойынша **техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 100% құрайтыны анықталды.**

Оның ішінде жоғары білімдісі – 1 педагог (20%)

Аяқталмаған жоғары – 0

Арнаулы орта білімдісі – 4 педагог (80%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 4(80%)

Жоғарғы санатты: - 0

Бірінші санатты: - 0

Екінші санатты: - 0

Педагог-зерттеуші: - 0

Педагог-модератор: - 0

Санаты жоқ: - 5

2021-2022 оқу жылында барлығы 3 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде жоғары білімді– 1 педагог.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 2

Бірінші санатты – 0

Екінші санатты - 0

Санаты жоқ- 3

2022-2023 оқу жылында барлығы 5 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде жоғары білімді– 2 педагог.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 4

Бірінші санатты – 0

Екінші санатты – 1(педагог-модертор)

Санаты жоқ- 4

Біліктілік курсынан өткен педагогтар: «Өрлеу» - 1 педагог

Басқа курстар – 1 педагог.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2020-2021	5	0	1 (10%)	4(90%)	4(90%)	-
2021-2022	3	0	1 (10%)	2 (90%)	2 (90%)	-
2022-2023	5	1 (10%)	1(10%)	3 (80%)	3 (80%)	-

Педагог кадрлар туралы мәлімет

Қазіргі уақытта «Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасында барлығы 5 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген . Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.


Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінсздеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2020-2021	5	0	0	0	5
2021-2022	3	0	0	0	3
2022-2023	5	0	0	1	4

«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасында іс- жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жек іс – қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмесі барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулармен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие.

Тәрбиеші Есетова Меруерт Маратқызы «Пони» Халықаралық байқауынан Диплом марапатына ие болды.

Тәрбиеші Болатқызы Айдана «Үткер» қоғамдық қорынан Алғыс хатпен марапатталды.



Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты – моральдық психологиялық ахуал қалыптасқан.

Тәрбиеленушілердің контингенті

«Кәусар» балабақшасында жалпы тізім бойынша

2020-2021 жыл – 35 бала, 2 топ

2021-2022 жыл – 35 бала, 2 топ

2022-2023 жыл - 35 бала, 2 топ

Балалардың құрамы 2-5 жас аралығын қамтиды.

Балалар жас ерекшеліктеріне қарай 2 топқа : кіші, ортаңғы, ересек топ болып бөлінеді.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:

2020 -2021 жыл - 75%

2021-2022 жыл – 80%

2022-2023 жыл-90%

Токсан сайын және ай сайын балалардың қатысымы мен науқастануы есепке алынып қортындыланып отырады. Ата-аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, балалар мен ата құжаттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген.

2020-2021 жылы тәрбиеленушілер «YRKER» Халықаралық байқауы мен «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырылған «Қыс ғажайыптары» атты онлайн сайыстарға, «Qazaq mektebi» әдістемелік-танымдық журналы ұйымдастырған Республикалық «Бояулар құпиясы» атты жас суретшілер байқауына, «Туған ел» атты ән байқауына қатысып орындарға ие болды.





2 ОРЫН

QAZAQ

ДИПЛОМ

«Qazaq mektebi» едістемелік, танымдық журналы
 Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылықпен қолдану мақсатында ұйымдастырған
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «БОЮЛАР ҚҰПИЯСЫ» АТТЫ ЖАС СҮРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫП,
 өз жұмысымен өзі елорданы үздік шығармашы үшін

ЕСЕН ИМРАН
 марапатталады

QAZAQ

Астана қаласы
 2022 жыл, қыркүйек

1 ОРЫН

QAZAQ

ДИПЛОМ

«Qazaq mektebi» едістемелік, танымдық журналы
 Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылықпен қолдану мақсатында ұйымдастырған
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «БОЮЛАР ҚҰПИЯСЫ» АТТЫ ЖАС СҮРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫП,
 өз жұмысымен өзі елорданы үздік шығармашы үшін

ДОСМАҒАМБЕТОВА АЛЬБИНА
 марапатталады

QAZAQ

Астана қаласы
 2022 жыл, қыркүйек

2 ОРЫН

QAZAQ

ДИПЛОМ

«Qazaq mektebi» едістемелік, танымдық журналы
 Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылықпен қолдану мақсатында ұйымдастырған
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «БОЮЛАР ҚҰПИЯСЫ» АТТЫ ЖАС СҮРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫП,
 өз жұмысымен өзі елорданы үздік шығармашы үшін

АРЫСТАНҒАЛИЕВ ӘБІЛМАНСҮР
 марапатталады

QAZAQ

Астана қаласы
 2022 жыл, қыркүйек

2 ОРЫН

QAZAQ

ДИПЛОМ

«Qazaq mektebi» едістемелік, танымдық журналы
 Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылықпен қолдану мақсатында ұйымдастырған
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «БОЮЛАР ҚҰПИЯСЫ» АТТЫ ЖАС СҮРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫП,
 өз жұмысымен өзі елорданы үздік шығармашы үшін

ЖАЛҒАС КӨЗАЙЫМ
 марапатталады

QAZAQ

Астана қаласы
 2022 жыл, қыркүйек

3/5

QAZAQ

ДИПЛОМ

«Qazaq mektebi» едістемелік, танымдық журналы
 Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылықпен қолдану мақсатында ұйымдастырған
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «БОЮЛАР ҚҰПИЯСЫ» АТТЫ ЖАС СҮРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫП,
 өз жұмысымен өзі елорданы үздік шығармашы үшін

ЖАЛҒАС КӨЗАЙЫМ
 марапатталады

QAZAQ

Астана қаласы
 2022 жыл, қыркүйек













ДИПЛОМ

№ПТ-005 966-388/2022

«Qazaq mektebi» әдістемелік-танымдық журналы
балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын қолдау мақсатында ұйы
«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «БОЯУЛАР ҚҰПИЯСЫ» АТТЫ ЖАС СУРЕТШІЛЕР БАЙҚАУЫ»
өз жұмысымен өзгелерден үздік шыққаны үшін

ЕРЛАН ХАНТӨРЕ
марапатталады








Балалардың білімін бағалау

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 2 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индекаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

№	Қорытынды деңгейі	2020-2021	2021-2022
1	I деңгей	0 %	0%
2	II деңгей	20%	10%
3	III деңгей	80%	90%

Ата – аналармен іс шаралар жоспар бойынша жүргізіліп отырады. Ата – аналар мектепке дейінгі ұйымның жұмысына әр кез қатысады.







Оқу-әдістемелік жұмыстар

Балабақшаның алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым-қатынасқа баули отырып, олардың талап-тілектерімен санасу, жанашырлық сезімдерін дамыту;
- Педагогтар мен ата-аналардың рухани-адамгершілік тұрғыда өсуіне жағдай жасау;
- Адамгершілік-рухани тұрғыда балаларды жан-жақты тәрбиелеу.
- Балалардың креативті ойлауын, шығармашылық қиялын және танымдық қабілеттерін дамыту;

Коммуникативтік дағдыларын мен біліктіліктерін арттыру;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2020 – 2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 13.08.2020 ж. №345 бұйрығы, «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды даярлық топтарында/сыныптарында тәрбие – білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хаты» негізге алынып құрылды.

2020-2021 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Кіші топ – 1 «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 36 сағат, «Таным» - 72 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағатты құрады.

Барлығы: 324 сағат

Ортаңғы топ- 1 «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады.

Барлығы : 396 сағат.

Вариативтік компонент -1 сағат: «Көңілді көздер» - 36 сағат

Ересек топ- 1 «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, , «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, Барлығы– 432 сағат.

Вариативтік компонент

1) «Қызықты логика әлемі» - 36 сағат

2) «Бәрін білгім келеді» - 36 сағат

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2021-2022 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Кіші топ – 1 «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 36 сағат, «Таным» - 72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады.

Барлығы: 324 сағат.

Ортаңғы топ-1 «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы– 396 сағат.

Вариативтік компонент - 1 сағат:

1) «Көңілді көздер» - 36 сағат

Ересек топ- 1«Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, Барлығы– 432 сағат.

Вариативтік компонент

1) «Қызықты логика әлемі» - 36 сағат

2)«Бәрін білгім келеді» - 36 сағат

2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспарлары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар). «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына (2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер енгізу туралы бұйрығы). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген)(бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2022-2023 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Кіші топ – 1 «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 36 сағат, «Таным» - 72 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағатты құрады.

Барлығы: 324 сағат.

Ортаңғы топ- 1«Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы– 396 сағат.

Ересек топ- 1 «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы— 432 сағат.

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: топ тәрбиешілері «Білім күні», «Берекелі алтын күз», «Тұңғыш президент күні», «Қош келдің Жана жыл», «Қыс кереметі» қысқы эстафета ойындары, «Мен ғарышкер боламын», «Ертегілер еліне саяхат» қойылым, «Ана-өмір гүлі», «Қош келдің, Әз Наурыз», «Біз жас экологпыз», «1 мамыр-бірлік күні», «9 мамыр -Жеңіс күні», «Қош бол, балабақша» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері. «Мен ғарышкер боламын» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді.













Ата – аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады. Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата – аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата – аналарға, «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата – ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіледі. Психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізіледі. «Баланы тәрбиелеу- ортақ мақсатымыз» психологиялық тренингтер өткізіліп, нәтижесінде ата – аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері баламен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолданып келеді.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс – шаралар оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, педкеңестерде, барлық қызметкерлерді ҚР Президентінің Жолдауымен, ҚР Заңымен таныстырады.

Ұйымда іс-қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс-қағаздары, ата-аналармен келісім шарттар, бұйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.

Аттестаттау кезінде ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама бойынша қорытынды : Ересек топтарында барлығы 10 бала. Оның ішінде сауалнамадағы сұрақтарға жауап беріп қатысқан 10 ата-ана.

**«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасы
Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау**

**Барлығы-10
Дауыс бергендер-10**

Сұрақтар	Келісемін (дауыс беру саны)	Толық келісемін (дауыс беру саны)	Келіспеймін (дауыс беру саны)	Толық келіспеймін (дауыс беру саны)	балл
1	4 (36%)	6 (64%)			5
2	5 (55%)	5 (45%)			5
3	8 (82%)	2 (18%)			5
4	5 (45%)	5 (55%)			5
5	5 (63%)	5 (45%)			5
6	3 (27%)	7 (73%)			5
7	4 (45%)	6 (55%)			5
8	5 (55%)	5 (45%)			5
9	5 (45%)	5 (55%)			5
10	8 (82%)	2 (18%)			5
11	8 (82%)	2 (18%)			5
12	4 (36%)	1 (9%)	4 (46%)	1(9%)	3
13	10(100%)				5

**«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасы
Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау**

Барлығы-5

Дауыс бергендер-5

Сұрақтар	Келісемін (дауыс беру саны)	Толық келісемін (дауыс беру саны)	Келіспеймін (дауыс беру саны)	Толық келіспеймін (дауыс беру саны)	балл
1	5 (100%)				5
2	4 (80%)	1 (20%)			5
3	3 (60%)	2 (40%)			4
4	4 (80%)	1 (20%)			5
5	4 (80%)	1 (20%)			5
6	4 (80%)	1 (20%)			5
7	5 (100%)				5
8	3 (60%)	2 (40%)			4
9	4 (80%)	1 (20%)			5
10	4 (80%)	1 (82%)			5
11	5 (100%)				5
12	4 (80%)	1 (20%)			4
13	3 (60%)	2 (40%)			4
14	4 (80%)	1 (20%)			5
15	5 (100%)				5
16	4 (80%)	1 (20%)			5
17	3 (60%)	2 (40%)			4
18	1(20%)		4 (80%)		5
19	5(100%)				5

Басқару қызметінің жұмысына талдау жасай келе, педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ететінің, туындайтын мәселелерді шешуге көмегін тигізетінін атап өтуге болады.

Ұсыныстар:

1. Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында педагогтардың «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
2. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілсін.
4. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
5. Барлық топтарда білім беру салаларының мазмұнына сай пәндік-дамытушы ортаны, табиғат бұрышын тірі табиғат иелерімен толықтыру.
6. Ата-аналар мен педагогтар арасында жүйелі түрде сауалнамалар өткізіліп тұрсын.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия «Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасы өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:
«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасы «мектепке дейінгі ұйым» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

«Мансур 2016» ЖШС «Кәусар» балабақшасы меңгерушісі *Г. Зербаева*



Комиссия мүшелері:

«Кәусар» балабақшасының тәрбиешісі: *М.Е. Жүсіпова* М.Е. Жүсіпова

«Кәусар» балабақшасының тәрбиешісі: *А.Б. Бухарбаева* А.Б. Бухарбаева

Хатшы:

Г.С. Тукенова

Г.С. Тукенова